"АҚПАРАТТЫҚ-ЕСЕПТЕУ ОРТАЛЫҒЫ" АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

АЕО·ИУЦ

АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО "ИНФОРМАЦИОННО - УЧЕТНЫЙ ЦЕНТР"

г.Астана, 010000, пр.Республики, д.29, тел.: (7172) 55-29-81, http://www.e-gazyna.kz, e-mail: iac@gosreestr.kz

2023 жылдың 03 шілдесіндегі шығыс № А-СТЛ/23-1024

Жария мүдделі ұйымдар
(тізім бойынша)

Осымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылдың 23 желтоқсанындағы №1228 қаулысымен және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылдың 13 қаңтарындағы № 11 бұйрығымен жария мүдделі ұйымдар үшін (бұдан әрі – компаниялар) қаржылық есептілік депозитарийін (бұдан әрі – депозитарий) жүргізу жоніндегі қызметті жүзеге асыру туралы уәкілеттілігі берілген «Ақпараттық-есептік орталық» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) келесіні хабарлайды.

ҚР Қаржы министрінің 2022 жылдың 28 қаңтарындағы № 94 бұйрығымен бекітілген жария мүдделі ұйымдардың депозитарийге қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларының (бұдан әрі – Қағида) 3-тармағына сәйкес компаниялар жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей депозитарийдің интернет-ресурсы (бұдан әрі – Портал) арқылы белгіленген сапалық заңнамамен, жылдық қаржылық есептілікті ұсынады.

Егер аудит міндетті болып табылса "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына және Қағиданың 5 және 6-тармақтарына сәйкес **еншілес** ұйымдары бар компаниялар **қосымша** жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігімен, сондай - ақ аудиторлық есепті ұсынады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Портал арқылы **2023 жылдың 31 тамызынан кешіктірілмейтін** мерзімде аудиторлық есеппен 2022 жылғы аудиттелген жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті (*еншілес ұйымдары болған кезде*) және / немесе 2022 жылғы аудиттелген жылдық қаржылық есептілікті (*жеке қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есеппен*) ұсыну қажеттігі туралы ескертеміз.

"Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 4-тармағына сәйкес компанияның **қаржылық есептілігіне** басшылық пен және **кәсіби есепші** болып табылатын бас есепшісі және басшылықпен **қол қойылуы** қажет, осыған орай, депозитарийге ұсынылатын компанияның электрондық есебінің "Профиль" бөліміне кәсіби есепші сертификаты бар бас есепші туралы мәліметтер (*кім берді, берілген күні, сертификат нөмірі*) енгізілуі тиіс екенін атап өтеміз.

Бұдан басқа, 2022 жылғы жылдық қаржылық есептілік депозитарийге компанияның Порталдағы **жеке кабинетінде online режимде қалыптастырылатын** "665 - қаржылық емес ұйымдар үшін (01.01.2020 бастап)" немесе "КЕХС - қаржы ұйымдары үшін (01.01.2020 бастап)" шаблондарының **порталдық** нұсқаларын толтыру жолымен ұсынылады. Қағиданың 8-тармағына сәйкес электрондық есеп компания **басшылығының және бас бухгалтерінің** электрондық цифрлық қолтаңбаларымен **қол қойылады**.

Депозитарийге қаржылық есептілікті тапсыру тәртібі бойынша қадамдық нұсқаулықпен және депозитарий мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілермен порталда (*https://cabinet-online-reports.dfo.kz/ru/dcr-information*) "Ақпарат" бөлімінде **танысуды** ұсынамыз.

Басқарма төрағасы **Ж. Оспанов**

Орын.: Сарсенбаев Д.С. тел.: 7172-55-29-81 (ішкі 117)
e-mail: d_sarsenbayev@gosreestr.kz